



Кітапхана – Парасат пен Тағылым Ордасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы – Бас шаһардағы руханият ордасы. Ықылым заманнан кітап ордасы – парасат үйі, елдің мәдениеті мен әдебиетінің ошағы болып келген. Кітапхана – тек рухани-мәдени жұмыстармен ғана шектелмей, халықаралық ынтымақтастық пен бірлікті, келісімді нығайтуға қызмет ететін қоғамдық маңызы зор фактор. Қай заманда болсын кітап пен кітапхананың орны да, жөні бөлек. Жыл табалдырығындағы кітапхана жұмысын сарапқа салып, қорытындылар болсақ, 2017 жыл – біздің кітапханамыз үшін маңызды оқиғалар мен елеулі жаңалықтарға толы берекелі жыл болып отыр. Барлық атқарылған іс – еліміздің мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосылған үлес. Бұл – «кітапханашы» деген маманның Отанымыздың дамуына қосқан тамшыдай үлесі ғана. Сонымен, 2017 жылдың алғашқы күнпарағынан осы күнге дейін Астанамыздағы парасат үйі – зиялы қауым мен шетелдік қонақтардың басын қосқан, түрлі жастағы оқырманның қажеті мен сұранысын орындаған руханияттың ыстық отта қайнап тұрған алып қазанына айналды.

ҚР Үкіметінің «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы – ұлттың құндылығы мен жадын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихын заманауи формада сақтауға бағытталған ең ұтқыр жоба. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы 4 бағыт бойынша жүзеге асыруда Президент Жолдауы еліміздегі үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал ол үшін, ең алдымен, ІТ саласына басымдық беріледі. Мәселен, Елбасы Н.Назарбаев: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», – деп нақты бағдар берді. Осы бағытты жүзеге асыру үшін бүгінгі таңда қашықтықтан кітап оқу – заманауи талаптардың бірі болып қоғамда ауқымды орын алады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт

министрлігінің «Мемлекеттік электронды кітапханалық қорды құру» жобасы «2007-2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздікті төмендету» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасы бастау алып, жүзеге асырылуда. 40 000 электронды контент құйылған Қазақ Ұлттық электронды кітапханасы – әлемнің кез келген нүктесінде отырып, кітап қорымен танысуға, оқуға бар мүмкіндікті туғызған, ешқандай кедергісіз тегін әрі сапалы қызмет алуына жағдай жасаған ұлтты танытар ашық заманауи жүйе. Бұл жүйенің басты мақсаты – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ұлттық жазба-құжаттық мұраларға қолжеткізумен, сақталуымен қамту және келешекке табыстау болып тұр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапхананың қорында бір жарым миллионнан астам кітап қоры бар. Оның оқу залдары бір мезгілде 500-ден астам оқырманды қабылдайды. Ал «Мәжіліс», «Сұхбат» және «Конституция» залдарында дәрістер, конференциялар, презентациялар, көрмелер және жұмыс кездесулер өткізу үшін толық жабдықталған жағдай жасалынған. Сонымен қатар, кітапхана оқырмандары үшін барлық залдарда жоғары деңгейде қызмет атқарады. Біздің кітапханамызда кітап қорын толықтыру мақсатымен ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы, ҚРҰҒА академигі К.Нүрпейісұлы, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д.Досжан, ҚР Халық жазушысы Ә.Тарази, жазушы Н.Ораз, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым М.Жолдасбеков сынды азаматтардың жеке кітапханалары арнайы оқу залы болып ашылып, жасақталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ең өзекті мәселе – латын әліпбиіне көшу, қазақ жазуын заманауиландыру болатын. 2017 жылдың 26 қазан күні Елбасы Н.Назарбаевтың №569 Жарлығы шығып, кириллицадан латын қарпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшу туралы бастамаға мүмкіндік берді. Бұл – тарихи маңызы зор оқиға. Міне, осы Жарлыққа қол қойылғаннан соң, кітапханамыздың жанынан «Жаңа қазақ әліпбиі» залын ашып, барлық жастағы оқырман үшін арнайы оқу-жазғыру курсы ұйымдастырып, тегін дәріс алуына жол аштық. Айналдырған екі айдың ішінде курсқа мыңнан астам оқырман келіп қатысып, жаңа қазақ әліпбиін меңгеріп, әліпби ауыстыру мәселесіне деген көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастырған. Арнайы зал ашып, курс ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – Елбасының саясатын қолдап, халыққа дұрыс ақпарат беріп, ұлттық бірегейлікті арттыру болатын. Курсқа үздіксіз келушілердің санына қарап отырып, мақсатымыздың өз міндеттерін орындап отырғанын анық байқауға болады.

«Туған жер», «Туған ел» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Кітапханалық туризм» жобасы іске асырылып келеді. Туған жер мен туған елдің қадір-қасиетін, тарихын сезіну мен білу, Отансүйгіштікке шақыру мақсатында Елбасы Н.Назарбаевтың туған жері туралы жазылған «Үшқоңыр» фотоальбомының тұсаукесері ұйымдастырылды. М.Жолдасбеков, Т.Жұртбай, Қ.Бегманов, А.Оразбаева, Ж.Шәкен, Б.Тобаяқов, Ш.Бейсенова және тағы басқа қаламгерлердің кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтіп, оқырманмен шығармашылық кездесуі ұйымдастырылды. Кітапханамыз осы жылдың ішінде қаншама көрме, қаншама кездесу өткізгені баршаға аян. Біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға тіркелген желі қолданушылар кітапханамыздың тыныс-тіршілігімен күнделікті хабардар болып отыр.

Кітапхана ісін ел Үкіметі қашанда болсын қолдап, қуаттап келеді. Жуырда ғана ҚР Премьер-министрі Б.Сағынтаев мырза ҚР Парламенті Сенатының депутаттарына берген жауабында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасынан балалар мен жасөспірімдер кітапханасын құру мәселесінің қарастырылғанын айтып өтті. Кітапхана - адамзат тарихындағы өркениет пен мәдениеттің ортасы ғана емес, адамзат тарихының өзі, көзі һәм жеткен жетістігі болып табылады.

Өткен жылы табиғаты тамаша Бурабай жерінде «Рухани жаңғыру: ұлт келбеті - жалынды жастар» атты II республикалық жас кітапханашылар форумы ұйымдастырылды. Форумға еліміздің түкпір-түкпірінен жас кітапханашылар келіп, қазақтың Т.Жұртбай, К.Әмірбек, С.Тұрғынбеков, Б.Аяған, Ә.Асқаров, Е.Жүніс сынды зиялыларымен кездесіп, еркін форматта пікір алмасып, Елбасы Н.Назарбаевтың атына Үндеу жолдады. Жас

кітапханашылар форумы – елдікке, бірлікке шақырған жастар қозғалысы болды десем артық айтқаным емес. Биыл тұңғыш рет «Әдеби балл» ұйымдастырып, жастар мен зиялы қауымға әдеби кеш өткіздік. Бұл - бұрынғы әлемдік мәдениетті жаңғырту бастамасы болғандай әсер етті.

Қазіргі уақытта ұлы ағартушы-ғалымдар, дала ақындары – Құрманғазы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Әбдіжамал Нұрпейісов, Ілияс Есенберлин және көптеген басқа авторлардың шығармалары әлемнің ірі кітапханаларында өз оқырмандарына қол жетімді болып отыр. Олай дейтін себебіміз, біз шет елдердің ұлттық кітапханаларында «Қазақ әдебиеті және мәдениеті» орталықтарының ашылуы бойынша жобаны ойдағыдай жүзеге асырып келеміз. Ұлттық академиялық кітапхана ұжымының шығармашылық белсенділігі тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, халықаралық саяси аренада да өз жолын тауып жүр деп ойлаймын. 2016 жылдан бері шет мемлекеттерінің кітапханаларында Қазақ әдебиеті мен мәдениеті орталығын ашу – кітапхана мәртебесін одан сайын биіктете түсті. Осы жобаны іске асыру үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, ҚР Сыртқы істер министрлігіне және ҚР шет мемлекеттердегі елшіліктері көп көмектесті. Қазақ әдебиеті мен мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін насихаттайтын шаруалар шаш етекпен.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы елшіліктерінің тікелей басшылығымен және Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен әлемнің мына елдерінде Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті орталығы ашылды. Мәселен, айта кететін болсам, Корея, Қырғызстан, Ресей, Армения, Финляндия, Венгрия, Түркия, Қытай, Малайзия, Грузия, Франция, Жапония, Швеция, Македония, Чехия және Болгария мемлекеттерінде ашылды. Желтоқсан аяғына таман кітапханамыздың қызметкерлері Египет және Дубай мемлекет - терінде халықаралық тәжірибе алмасу, қазақ кітаптарын сыйға тарту және халықаралық қатынастарды дамыту мақсатында іссапарға кетті. Осындай мәдениетаралық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның халықаралық танылуына ықпал етеді. Әлем елдерінде орталықтардың ашылуы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру аясында қазақ халқының мәдени және әдеби байлығын дамытуға жаңа халықаралық қатынастар орнатудың та - маша үлгісі болып табылады. Сонымен қатар, дәл осындай мәдени жобаларды ұйымдастыру мемлекеттер арасындағы өзара сенімді дамытуда маңызды рөл атқарады және бір-бірін жақсы түсінуге көмектеседі. Халықаралық қатынастарды нығайтуға, әлемдік са - яси аренадағы Қазақстанның беделін арттыруға бағытталған іс-шаралар кітапханамызды жаңа белестерге жетелей түсетіні сөзсіз. Қазақстанның әлемдік саяси аренада және халықаралық қатынастарда кітапханамыз біршама көш ілгері келеді. Бұл жоба аясында кітапханашылар кәсіби біліктіліктерін арттырып, тәжірибе алмасып жүр.

Мемлекет мәртебесіне сәйкес, кітапхана саласында атқарылған істер, жүзеге асқан жобалар мен тындырылған ша - руалар аз емес. Біз біршама ғана уақыт ішінде тынымсыз еңбек етудің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Соның бірі қазақ әдебиеті мен мәдениетін, тарихын, тілін, салт-дәстүрін насихаттау жобаларын жүзеге асыру еді. Қазақстан әдебиеті орталығының шет мемлекет - терде ашылуы қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, өнерімен жақын танысуға мүмкіндік береді. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен оның экономика, саясат, әлеуметтік салалардағы табы - старын көпшілікке таныстыруға жол ашады. Орталықтарда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, соның ішін - де, Елбасының әлемдік са - яси аренадағы орны мен рөліне арналған кітаптары, тарих, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеті бойынша кітаптар ұсынылды. Қазір бұл кітаптар шет мемлекеттер оқырмандары арасында үлкен қызығушылыққа ие болып, қазақтың бай мәдени мұрасын тануға мүмкіндік беруде. Әрі кітапханалар арасындағы ынтымақтастықты арттыруға себін тигізуде.

2016 жылы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Тәуелсіздігіне 25 жыл толуы - на орай, Қазақстан Республи - қасы Ұлттық академиялық кітапханасының әлемнің шет

мемлекеттерінде Қазақ әдебиеті мен орталықтарын ашу жұмыстарын қолға алып келеді. Осындай орталықтар әлемнің 16 елінде ашылып, бүгінгі таңда өз оқырмандарына қызмет көрсетуде.

Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті орталығы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің, орталықтар ашылған Қазақстан Республикасының Елшіліктерінің ықпалдасуымен ашылды.

Оқырманға жол тартқан Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті орталықтары қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, өнерімен жақын танысуға мүмкіндік береді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен оның экономика, саясат, әлеуметтік салалардағы табыстарын көпшілікке таныстыруға жол ашады.

Орталықта Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, соның ішінде Елбасының әлемдік саяси аренадағы орны мен рөліне арналған кітаптары, тарих, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеті бойынша кітаптар ұсынылған. Барлығы 200-ге жуық кітап тапсырылды. Бұл кітаптар оқырмандар арасында үлкен қызығушылыққа ие болып, қазақтың бай мәдени мұрасын тануға мүмкіндік берері сөзсіз.

Армениядағы орталықтың ашылу салтанатына Армения Республикасы Мәдениет министрінің орынбасары Н. Тер-Варданян, Армениядағы ҚР Елшісі Т. Уразаев, кітапханамыздан Е. Али, Ар - мения Ұлттық кітапханасының директоры Т. Заргарян, Армения - да тіркелген дипломаттар, Ереван мемлекеттік университетінің профессорлары мен студенттері, сондай-ақ кітапханашылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Өз кезегін - де, Армения Республикасының Мәдениет министрінің орынбасары Н. Тер-Варданян көрмені өткізудің маңыздылығын атап өтіп, болашақта Астанада да осындай орталықтың ашылатындығын жоспарлап отырғанын да айтты.

Ресей мемлекеттік кітапханасының Шығыс әдебиет орталығында Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті бұрышы ашыл - ды.

Венгрияның Сечени атындағы Венгрия Ұлттық кітапханасын - да ашылды. Орталықтың ашылуына Қазақстан Республикасының Венгриядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Рүстемов, кітапхана қызметкерлері К. Оразова, М. Аманбекова және мажарстандық түркітанушы ғалым Иштван Қоңыр Мандокидың жары, қандасымыз Оңайша Мақсұмқызы да қатысып, мажарлықтарға Қазақстан тарихы мен мәдениеті, Тәуелсіздік туралы мағлұмат берді. «Еуропаның төрінде, Венгрия елінде осындай Қазақ кітаптарының орталығы ашылғаны - Қазақ елінің азаматы ретінде мен үшін үлкен мәртебе» деп өз қуанышымен бөлісті.

Әрбір Іс-шара барысында кітапханалар арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында екі жақты меморандумға қол қойылып, жаңа кітаптармен толықтырылып отыратын болады.

Париждағы BULAC Шығыс тілдері мен өркениеті институтын - да «Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің» орталығы ашылды. Бұл шара «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасының ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен таныстырылымы ая - сында жүзеге асты. Салтанат - ты шараға ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Н. Айтұлы, жыршы, жазушы Б. Әлімжанов, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғ. Есім, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Ұ. Есдәулет және аудармашы, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Б. Қанапиянов, ҚР Халық әртісі, режиссер Т. Теменов сынды белгілі қоғам және өнер қайраткерлері қатысты. Осы салтанатты шара аясын - да қазақ ғалымдары BULAC кітапханасының қорындағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ойшыл, Түркі халықтарының рухани көсемі Мұстафа Шоқайдың қолжазбалары мен архивтік тың деректерімен танысты. М. Шоқайдай ғұламаның қолжазбаларының көбі латын әліпбиінде жазылғанымен құнды болып табылады. Франция сапарындағы басты әсеріміз осы - алаш арысының қолжазбаларымен танысып, оларды қолға ұстап көруіміз болды.

Былтыр Токио Астаналық Орталық кітапханасында «Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің» орталығы ашылды. Ғ. Есім, Т. Жұртбай, Ұ. Есдәулет, О. Тұржан бастаған делегация Токио және Хиросима қалаларына барып, жергілікті халықпен кездесіп, жапон әдебиеті мен мәдениетімен танысты. Кездесу барысында жапондықтар Ұ. Есдәулеттің атақты «Заман-ай» әнін орындап, полигон қасіретін қамығып еске алды.

2017 жылы Чехия Республикасының Ұлттық кітапханасының (XVI ғасырдағы Клементинум ғимараты) жанынан «Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті» орталығы ашылды. Салтанатты шараға ҚР Чех Республикасындағы Елшісі Сержан Әбдікәрімов, консул Азамат Қадыр, бірінші хатшы Мадина Мұратбекова және Чехия Ұлттық кітапханасының басшысы, PhD доктор Мартин Косанд екі елдің ынтымақтастығы мен халықаралық байланысын нығайту жолындағы жұмыстарға зор мүмкіндік тудырғанын қуанышты көңіл-күймен жеткізді. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкерлері С. Жүсіпова мен Е. Тоқтарбай Ұлттық кітапхананың қорымен, сондай-ақ Ғылым залы, оқырман залы және кітап сақтау қоры, оқырманға қызмет көрсету орталығының жұмыстарымен танысып, чех кітапханашыларымен тәжірибе алмасып, кітапхана ісі жайында пікірлесті.

Македонияның Скопье қаласында орналасқан Әулие Климент Охридский атындағы университет кітапханасында «Қазақстан әдебиеті және мәдениеті орталығының» ашылуы қазақ мәдениетінің деңгейін тағы бір мәрте әлемге әйгіледі. Айта кетейік, аталмыш кітапхана 1944 жылғы 2 тамызда болған Антифашистік ассамблеяның Македониядағы халықты азат ету туралы шешімімен негізделген тұңғыш ресми институттардың бірі болып са - налады. Кітапхана 866 жылы «Охрид» кітап мектебін құрған және Македониядағы кітапхана - на ісінің негізін қалаушы Охридегі Сент Климент құрметіне берілген. Скопьедегі Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті орталығының ашылуы қазақ оқырмандарына жасалған жанашырлық пен қамқорлық деп білеміз. Сонымен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті және өнерімен жақын танысуға мүмкіндік береді. Оның үстіне Тәуелсіз Қазақстанның экономика, саясат, әлеуметтік салалардағы жетістіктерін көпшілікке таныстыруға жол ашатынын айта кетейік.

Ал, Болгария мемлекетінде София қалалық кітапханасында ашылған «Қазақ әдебиеті мен мәдениеті» орталығы да қазақ рухани мәдениетінің бастау бұлағынан көш ілгері жүргенін байқатты. Себебі, Болгария мен Қазақстан мемлекетінің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына биыл 25 жыл толды. Тоқсан жылдық тарихы бар кітапхананың қоры 1 миллионды құрайды. Кітапханаларының бір ерекшелігі – болашақты бағдарлау әдісінің жаңа кезеңдеріне аяқ басуды көздеп отырады. Сол үшін арнайы жоба ұйымдастыруды көздейді. Мәселен, біз барған София қаласындағы Ұлттық кітапханада 2060 жылдың жобасы негізінде арнайы «Болашақтың кітабын» жазып шыққан. Бір қызығы, кітаптың ішінде не жазылғаны туралы болгарлықтар әзірге құпия ұстап, ешкімге жария етпейді. Арнайы капсуланың ішіне салынған кітаптың тұсаукесері 2060 жылға жоспарланған. Яғни, кітапта не туралы жазылғаны сол кезде, сол уақытта ғана айтылады. Тағы бір ерекшелігі кітаптарды бактериялар мен шаңтозаңдардан қорғау үшін жұмыс жасайды. Сол үшін кітапханаға арнайы камера сатып алыпты. Кітапхана қызметкерлерінің айтуынша, камерада 60 қорапқа дейінгі кітапты 20-28 күн көлемінде ұстайды. Дәл осы уақытта кітаптар барлық аурулардан, шаң-тозаңдардан тазарылып шығады. Тағы бір айта кететін жайт, бұл камераны Болгария елінің өнертапқышы ойлап тауыпты. Бұл жобаның жүзеге асқанына тоғыз ай ғана болған. Тағы бір ерекшеліктері оқырман билеті біздің елдердегідей тегін емес, ақылы түрде беріледі.

Аспан асты елі Қытай мемлекетінде де оқырман қауымға қазақтың аса бай әдеби мұралары мен қазақстандық көркем әдебиетті жан-жақты насихаттау мақсатында тағы бір орталық аштық. Тағы бір айта кететін жайт, орталықты ашудағы қазақстандық авторлардың еңбектеріне, ғылыми-зерттеу ба - заларына, білім беру ісі бойынша ақпараттарға және басқа да сапалы ресурстарға көрші Қытай зиялыларының да қолжетізуін қамтамасыз ету болып табылады. Осы орталықтың ашылудың тағы бір

ерекшелігі Қытайдағы қазақ ақын-жазушылармен кездесу болатын. Солардың арасында белгілі жазушы Акбар Мәжит ағамыз да бар еді. Акбар аға ҚХР Жазушылар одағының мүшесі, Қытай мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚХР Жазушылар одағының «Қытай жазушылары» журналының бас редакторы қызметінде жүр. Шығармаларын қытай тілінде жазады, отызға жуық кітаптың авторы. Соның ішінде Абай шығармаларының аудармалары да бар.

Қытай мәдениеті әлемдегі ең озық мәдениет екендігін білеміз. Қазақ елі ежелден Отырар кітапханасымен мәшһүр болды. Әлемде екінші орынды иелеген Отырар кітапханасы туралы қытай саяхатшысы Лу-Цзинни мына сөзін келтіре кетейін: «Отырардың даңқы әйгілі кітапханасымен шықты». Қытай мен Қазақстан достығының, тату көршілігінің тамыры тереңде жатыр. Бүкіл әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы екі ел арасындағы ғасырларға жалғасқан достықтың нақты айғағындай. ... Ал қазақ халқы асыл сөз іздесе, Абайдан табады. Қытай халқы үшін даналық ойлар, кемеңгерлік шешім қытай данышпаны Конфуций ілімімен байланысты. ...».

Қытай мемлекетіндегі дәл осы орталыққа Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Шахрат Нұрышев, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Әкбар Мәжитұлы, Қытай еліндегі қазақстандық студент жастары зиялы қауым өкілдері және оқырмандар қатысты.

Кітапханамызда ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Б. Көмеков, ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор Ғ. Есім, ф.ғ.д., профессор, жазушығалым Т. Жұртбай, ф.ғ.к., доцент, ақын О. Тұржан, ақын, аудармашы, ф.ғ.к. М. Ершу сынды ғылым, әдебиет және мәдениет саласының майтал - мандары қызмет етеді. Бұл азаматтардың кітапханамызда қызмет етуі – кітапхананың «академиялық» статусын одан әрі жоғарылатқанының белгісі. Өркениеті дамыған әлемнің көптеген кітапханаларында ғылыми дәрежесі мен атағы бар адамдар қызметін ететін ескерсек, көкірегі толы қазына асыл адамдардың кітапханамызда жұмыс істеуі – оқырмандар үшін орасан зор мүмкіндік болып отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында жүзеге асқан «100 жаңа есім» жобасында жеңімпаз болып, халықтың қолдауымен Елбасымен арнайы кездескен Тәуелсіздік жастары қатарында біздің кітапханамыздың қызметкері Нұржан Жолдыбалиновтың болуы – жалпы кітапхана саласы үшін үлкен даңқ. Сонымен қатар, биылғы жылы кітапханамыздың тағы бір қызметкері белгілі жас жазушы, әдебиет зерттеушісі Елдос Тоқтарбай «әдебиет» номинациясы бойынша ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Осындай зияткер, ойлы жастардың кітапханада жұмыс істеуі – ел ертеңінің жарқын боларын көрсетеді. Тағы да бір айрықшалап айтар жәйт ҚР Тұңғыш Президентінің кітапханасы тағайындаған «Тіл жанашыры» марапатының маған бұйыруы – кітапхана саласына көрсетілген зор құрмет деп білемін.

Үстіміздегі жылдың 23 сәуір күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күніне орай және кітапхананың ашылуына 14 жыл толуына арналған Ашық есік күні болып өтті. Осы іс-шара аясында күннің басты оқиғасы – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы жанынан Балалар кітапханасының ресми ашылуы болды.

Қазіргі уақытта елімізде 260-тан аса Балалар кітапханасы жұмыс жасайды. Арнаулы балалар үшін облыстық балалар кітапханасы, облысқа қарасты аудандық балалар кітапханасы, ауданға қарасты ауылдық балалар кітапханалары жұмыс жасайды. Бұл кітапханалардың барлығы ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарайды. Былай есептей келсек, балаларға арналған кітапхана - лар аз болып есептеледі. Жалпы көпшілік кітапханалардың саны 4125 болса, оның 263-і ғана Балалар кітапханасы болып есептеледі. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 5 млн-ға жуық оқырман болса, оның 30 пайызы оқырман балалар. Яғни, 14 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер. Бұл қазіргі таңдағы өткір мәселе.

Балалар кітапханасында кітаптар мен баспа жұмыстарының басқа да түрлері (10 000 дана) қойылған. Кітапхана ресурстарын бөлу үшін әрбір жас тобына арналған зияткерлік және рухани дамыту топта - ры (4-6 жас, 7-10 жас, 11-15 жас) және бос уақыттарын өткізу үшін арнай залдар, дамыту бөлімдері (шығармашылық залы, электрон - ды оқу залы, робототехника үйірмелері және т.б.) бар.

Балалар кітапханасының құрылуы елімізде жас қазақстандықтарға ақпаратқа тең қол жеткізудің еркіндігі бойынша балаларға қызмет көрсетудің заманауи үлгісін қалыптастыруға және қоршаған ортада олардың маңыздылығын растауға мүмкіндік береді. Балалар кітапханасы еліміздің ертеңі қазақстандық жастардың дамуына және тәрбие алуына өз үлесін қосады.

Сөзімізді жинақтай атқанда, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы – рухани жаңғыру жолында болашаққа нық қадаммен алға басқан үлкен ұжым. Кітапханамыздың тіреуі де, қорғаны да – оқырман қауым. Күннен-күнге оқырман саны көбейсе, оқырман сұранысына қызмет ететініміз анық. Бұл – біздің саладағы ең абыройлы іс. Қазақстанның даму перспективасына кітапхана саласының қосқан үлесі осындай болып отыр. Бұл – біздің жеткен жетістігіміздің бір парасы ғана.

Ү. Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық
кітапханасының басшысы